

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКТОБЕ ОБЛЫСЫ
«№6 «АККОГЕРШИН» БӨБЕКЖАЙ-
БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫН

031100, Хромтау қаласы
А.Алипов көшесі, 1 «А» үй
Тел: 8 (71336) 25-5-02
e-mail: bakkogershin@edu.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТОБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
КОММУНАЛЬНОГО КАЗЕННОГО
ПРЕДПРИЯТИЯ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД
№6 «АККОГЕРШИН»

031100, город Хромтау
ул. А.Алипова, дом 1 «А»
Тел: 8 (71336) 25-5-02
e-mail: bakkogershin@edu.kz

БҰЙРЫҚ № 51 -н/к

« 04 » қыркүйек 2023 ж
Хромтау қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында №6 «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
2. Төмендегі комиссия құрамы бекітілсін:
 - 1) Умурзакова Г.Н - кеңес төрағасы, №6 «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы;
 - 2) Джаманова А.О- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз;
 - 3) Истлеуов С.И- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз, білім саласының майталманы;
 - 4) Мұқанбетова А.Қ- кеңес мүшесі, кәсіподақ төрағасы, тәрбиеші;
 - 5) Жанабасева Н.Б- кеңес мүшесі, музыка жетекшісі;
 - 6) Сырымбетова Н.Ө- кеңес мүшесі, тәрбиеші;
 - 7) Уразалина Г.Ж- Хромтау ауданының білім бөлімінің әдіскері.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы №6 «Ақкогершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Губайдуллина Эльмира Ерлановна тағайындалсын.
4. Кеңес отырысы бекітілген мерзіммен және үлгілік қағида шарттарының тәртібімен, құрылған жоспарға сәйкес өткізілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін балабақша басшысы өзіме қалдырамын.

№6 «Ақкогершін» бөбекжай-
балабақшасының басшысы:

Таныстым:

Умурзакова Г.Н. *Г.Н. Умурзакова*
Джаманова А.О. *А.О. Джаманова*
Истлеуов С.И. *С.И. Истлеуов*
Мұқанбетова А.Қ. *А.Қ. Мұқанбетова*
Жанабасева Н.Б. *Н.Б. Жанабасева*

А.Тайпетова

Сырымбетова Н.Ө. *Н.Ө. Сырымбетова*
Уразалина Г.Ж. *Г.Ж. Уразалина*


 БЕКІТІЛДІ _____
 «№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
 балабақшасы» МКҚК
 меңгерушісі: А.Тайпетова

**2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық
әдеп жөніндегі кеңестің жоспары**

№	Мазмұны	Өтетін уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысында қаралатын сұрақтар: 1.Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту. 2.2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту.	Қыркүйек айы	Тайпетова А.Ж
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысында қаралатын сұрақтар: 1.Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбиеші. 2.Педагогтің кәсіби имиджі .	Қараша айы	Тайпетова А.Ж
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті. 2. Педагогтің әдеп нормалары.	Ақпан айы	Тайпетова А.Ж
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагог мәртебесінің орындалуы. 2. Педагогтің үздіксіз ізденісі және білімінің шыңдауы.	Сәуір айы	Тайпетова А.Ж

**«№6 «Ақкогершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 19 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту.

2. 2023-2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы:

Умурзакова Г.Н. сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысында «Педагогикалық әдеп және замануи тәрбие» тақырыбы қарастырылады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде педагогикалық әдеп – тәрбие сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Замануи тәрбие беру үдерісінде педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар балаға үлгі болатын тұлға.

Педагогикалық әдеп – бұл мұғалімнің кәсіби мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті, жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Ол білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуға негіз болады.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Негізгі қағидаттары – әділдік, әдептілік, ашықтық және объективтілік. Замануи тәрбие беру жағдайында педагогтың басты міндеті – баланың тұлғалық дамуына жағдай жасау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіру, сонымен қатар экологиялық сана қалыптастыру.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшесі: Жанабаева Н.Б.

2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау және түсіндіру жұмыстары қарастырылғаны айтылды.

Кенес шешімі:

1. «Педагогикалық әдеп және замануи тәрбие» бағыты бойынша педагогтардың жұмысын жетілдіру қолға алынсын.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кенестің жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.

Кенес төрайымы:

Хатшы:



Г.Н. Умурзакова

Э.Е.Губайдуллина

**«№6 «Ақкогершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 14 қараша 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбиеші.
2. Педагогтің кәсіби имиджі

Педагогикалық әдеп және заманауи тәрбиеші

Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметіндегі адамгершілік қағидалар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Ол балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста көрініс табады.

Заманауи тәрбиеші өз қызметінде кәсібилікпен қатар, жоғары мәдениеттілік пен әдептілікті ұстануы қажет. Педагог баланың жеке тұлғасын құрметтеп, оның пікірін тыңдай білуі, әділдік танытуы және әр балаға тең дәрежеде қарауы тиіс. Балалар тәрбиешінің әрбір іс-әрекетін бақылап, соған еліктейтіндіктен, оның сөзі мен ісінің бірлігі ерекше маңызға ие.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары:

- баланың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- кәсіби жауапкершілік;
- әділдік пен адалдық;
- сыпайылық пен мәдениетті қарым-қатынас;
- әріптестермен ынтымақтастық;
- ата-аналармен өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынас орнату.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың дамуы педагогтің ақпараттық мәдениетіне де талап қояды. Әлеуметтік желілерде өзін дұрыс ұстау, қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау және педагог мәртебесіне сай әрекет ету – педагогикалық әдептің ажырамас бөлігі.

Педагогтің кәсіби имиджі

Педагогтің кәсіби имиджі – қоғамның, ата-аналардың және тәрбиеленушілердің педагог туралы қалыптасқан оң пікірі мен көзқарасы. Имидж педагогтің сыртқы келбетімен ғана емес, оның кәсіби шеберлігімен, сөйлеу мәдениетімен, қарым-қатынас жасау қабілетімен және жеке қасиеттерімен анықталады.

Кәсіби имидждің негізгі құрамдас бөліктері:

- сыртқы келбеттің ұқыптылығы;
- сөйлеу мәдениеті;
- кәсіби құзыреттілік;
- шығармашылық белсенділік;
- жауапкершілік;
- жаңашылдыққа ұмтылу;
- этикалық нормаларды сақтау.

Тәрбиешінің жағымды имиджі ата-аналардың сенімін арттырады, ұжымдағы беделін көтереді және білім беру ұйымының оң бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Өз кәсібін сүйетін, балаларға жанашырлықпен қарайтын, өзін үнемі жетілдіріп отыратын педагог әрқашан құрметке ие болады.

Қазіргі тәрбиеші білімді, мәдениетті, жаңашыл, шығармашыл әрі кәсіби әдепті сақтайтын тұлға болуы тиіс. Осындай қасиеттер педагогтің кәсіби жетістігінің негізі болып табылады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және сенімді орта құру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Педагогтардың қоғамдық ортадағы үлгілік мінез-құлқы және құндылықтар жүйесін сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Г.Н. Умурзакова
Э.Е.Губайдуллина

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 16 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті.
2. Педагогикалық әдеп нормалары.

Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті және сенімді орта қалыптастыру мәселесіне тоқталамыз. Педагогикалық қарым-қатынас – бұл тәрбие мен білім берудің негізі болып табылады. Баламен, ата-анамен және әріптеспен дұрыс қарым-қатынас орнату – педагогтың кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіші.

Сенімді орта қалыптастыру үшін ең алдымен педагог баланың жеке тұлғасын құрметтеп, оның пікірін тыңдай білуі қажет. Балалармен қарым-қатынаста жылы сөз, қолдау көрсету, түсіністік таныту – олардың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналармен ашық әрі сенімді байланыс орнату – білім беру сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі. Әрбір педагог өз іс-әрекетінде сыпайылық, төзімділік, сабырлылық танытып, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға үлес қосуы тиіс.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Мұқанбетова сөз алды:

Педагогтың қоғамдық ортадағы мінез-құлқы – оның кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігі. Әр педагог тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамда да үлгі боларлық тұлға болуы тиіс.

Қоғамдық орындарда, түрлі іс-шараларда, сондай-ақ әлеуметтік желілерде педагог өз мәртебесіне сай мәдениеттілік пен әдептілікті сақтауы қажет. Педагогтың сөйлесу мәнері, өзін-өзі ұстауы, адамдармен қарым-қатынасы оның кәсіби деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар педагог ұлттық және адамгершілік құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. «Адал азамат» қағидаттарын ұстана отырып, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді өз бойында қалыптастырып, оны тәрбиеленушілерге үлгі етуі қажет.

Педагогтың кез келген ортадағы тәртібі мен іс-әрекеті балаларға тікелей әсер ететінін ескере отырып, әрдайым өзін бақылауда ұстап, жоғары мәдениет үлгісін көрсету маңызды деп қорытындылаймын.

Қорытынды сөз.


Құрметті кеңес мүшелері және қатысушылар! Бүгінгі отырыста педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті және педагогтың қоғамдық ортадағы мінез-құлқы кеңінен қаралды. Педагог әрқашан өзінің кәсіби әдебін сақтап, сенімді орта қалыптастыруға және қоғамда үлгі болуға міндетті. Айтылған ұсыныстарды негізге ала отырып, әр педагог өз жұмысында қарым-қатынас мәдениетін жетілдіріп, мінез-құлқына, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және сенімді орта құру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Педагогтардың қоғамдық ортадағы үлгілік мінез-құлқы және құндылықтар жүйесін сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.Н. Умурзакова

Э.Е.Губайдуллина

**«№6 «Ақкогершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 16 сәуір 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагог мәртебесінің орындалуы.
2. Педагогтың үздіксіз ізденісі және білімнің шыңдалуы.

**Педагог мәртебесінің орындалуы бойынша кеңес төрағасы
Г.Умурзакова сөз алды.**

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы педагогтердің құқықтары мен міндеттерін айқындап, олардың кәсіби қызметіне қолдау көрсетуді көздейді. Бұл заңның басты мақсаты – педагог мамандығының беделін арттыру, мұғалімдер мен тәрбиешілердің құқықтарын қорғау және кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасау.

Педагог мәртебесінің орындалуы келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

- педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- кәсіби қызметіне негізсіз араласуға жол бермеу;
- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- білім беру сапасын арттыруға жауапкершілікпен қарау;
- кәсіби құзыреттілікті үнемі жетілдіру;
- тәрбиеленушілердің құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйым педагогі өз қызметінде заң талаптарын сақтай отырып, балаларға сапалы білім мен тәрбие беруге міндетті. Сонымен қатар, педагогтің кәсіби мәдениеті, сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті мен мінез-құлқы оның мәртебесінің көрсеткіші болып табылады.

Педагог мәртебесін көтеру тек заңмен ғана емес, күнделікті кәсіби қызмет арқылы жүзеге асады. Өз ісіне адал, жауапты, шығармашыл педагог әрқашан қоғамның құрметіне ие болады.

Педагогтың үздіксіз ізденісі және білімнің шыңдалуы бойынша кеңес мүшесі Г.Уразалина сөз сөйледі:

Білім беру саласындағы өзгерістер мен жаңашылдықтар педагогтен үнемі ізденісті талап етеді. Бүгінгі тәрбиеші жаңа технологияларды меңгеріп, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана білуі тиіс. Үздіксіз білім алу – кәсіби шеберлікті арттырудың негізгі шарты.

Педагогтың үздіксіз ізденісі келесі бағыттарды қамтиды:

- біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- әдістемелік жұмыстарға белсенді араласу;
- тәжірибе алмасу және шеберлік сағаттарына қатысу;
- педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми еңбектерді оқу;
- инновациялық технологияларды меңгеру;
- цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану;
- зерттеу және шығармашылық жұмыстармен айналысу.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы: «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімнің адам өміріндегі маңызын ерекше атап көрсеткен. Педагог үшін білім алу – тоқтаусыз жүретін процесс. Өз білімін үнемі жетілдіріп отырған педагог қана тәрбиеленушілердің қызығушылығын оятып, сапалы білім бере алады.

Үздіксіз ізденіс педагогтің кәсіби сенімділігін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады және білім беру сапасының жоғарылауына ықпал етеді.


Қорытынды

Педагог мәртебесі – үлкен жауапкершілік пен сенім. Педагог өз мәртебесіне сай әрекет етіп, кәсіби әдепті сақтап, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Үнемі ізденісте жүрген, жаңашылдыққа ұмтылатын, кәсіби шеберлігін шыңдайтын педагог қана сапалы білім мен саналы тәрбие бере алады. Сондықтан әрбір педагог өз мәртебесін жоғары ұстап, өмір бойы білім алуға ұмтылуы тиіс.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Әдептілік пен экологиялық сананы қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Г.Н. Умурзакова
Э.Е. Губайдуллина